



Jaqsynyň aty ólmeidi, álimniň haty ólmeidi

BUQAR JYRAÝ JARSHYSY

№34
(1677)

Buqar jyraý aýdandyq aptalyq gazetі Еженедельная газета Бухар-Жырауского района
Gazet 1939 jyldyň 12 sáyirinen bastap shygady Газета издается с 12 апреля 1939 года

29

tamyz 2026 jyl
августа 2026 года

Құрметті кеншілер, көмір өндірісінің қызметкерлері мен сала ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Кеншілер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұқар жырау ауданының тарихы мен бүгінгі тыныс-тіршілігінде көмір өндірісінің өзіндік орны бар. Қара жердің қойнауындағы қазынаны ел игілігіне жаратып, осы саланың өркендеуіне үлес қосып келе жатқан азаматтардың еңбегі қашанда айрықша құрметке лайық.

Кенші болу – маңдай термен қатар, мықты мінезді қажет ететін мамандық. Бұл кәсіпте әр күннің өз жауапкершілігі, әр ауысымның өз салмағы бар. Қандай жағдайда да міндетіне адал болып, әріптесінің жанынан табылу – кеншілерге тән қасиет. Сондықтан бұл мамандықтың қадірі ең алдымен оны абыроймен атқарып жүрген еңбек адамдарының болмысымен биіктейді.

Аға буыннан алған тәжірибе мен тәлім кейінгі мамандардың кәсіби қалыптасуына жол ашып, саладағы сабақтастықты бекемдей түседі. Осы ретте ұзақ жылдарын кен өндірісіне арнаған ардагерлердің орны ерекше.

Сіздердің маңдай термен жеткен жетістіктеріңіз бен кәсіби жолдарыңыз – кейінгі буын үшін бағалы тәжірибе, ал өнегелеріңіз – үлкен мектеп.

Бүгінде кеніштерде еңбек етіп жүрген мамандар да осы дәстүрді лайықты жалғастырып келеді. Өз ісін жетік меңгерген, жаңа технологияны игеруге ұмтылған білікті кадрлар саланың алға жылжуына өз үлесін қосып отыр.

Құрметті кеншілер! Бұл – сіздердің күнделікті еңбектеріңізге ризашылық білдіріп, кәсіби шеберліктеріңізге құрмет көрсететін мереке. Осы айтулы күні баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға тыныштық пен бақ-береке тілейміз.

Ерлан ҚҰСАЙЫН,
Бұқар жырау ауданының
әкімі

Асхат ӘЛИ,
Бұқар жырау аудандық
мәслихатының төрағасы

Уважаемые шахтёры, ветераны горного дела, работники угольной промышленности!

Примите искренние поздравления с профессиональным праздником – Днём шахтёра!

Шахтёр – это не просто профессия. Это призвание, требующее мужества, выдержки, ответственности и настоящей силы духа. Каждый рабочий день горняка связан с большим трудом и высокой ответственностью, где особенно важны профессионализм, дисциплина и взаимовыручка.

Уважение к шахтёрскому труду складывается из конкретных людей – тех, кто ежедневно спускается в забой, кто обеспечивает бесперебойную работу производства, кто своим мастерством и опытом вносит вклад в развитие отрасли. За каждым трудовым достижением стоят годы упорной работы, верность профессии и преданность своему делу.

Особые слова благодарности – ветеранам горного дела. Вы заложили прочные трудовые традиции, которые и сегодня передаются молодому поколению.

Шахтёрские династии – яркий пример преемственности, когда уважение к профессии, ответственность и любовь к своему делу становятся семейными ценностями.

Отдельная признательность – семьям шахтёров. Ваша поддержка, понимание и терпение имеют особое значение. Ведь за тяжёлым рабочим днём каждого горняка всегда стоит семья, которая ждёт его дома.

В этот праздничный день желаем всем шахтёрам крепкого здоровья, безопасного труда и профессиональных успехов. Пусть каждый спуск в шахту обязательно завершается благополучным возвращением домой, а рядом всегда будут надёжные товарищи и близкие люди.

Пусть в ваших семьях царят мир, достаток и тепло, а ваш труд всегда получает заслуженное уважение и признание.

Ерлан ҚҰСАЙЫН,
аким
Бухар-Жырауского района

Асхат ӘЛИ,
председатель Бухар-Жырауского
районного маслихата

Құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар!

Білім – елдің ертеңін айқындайтын басты құндылықтардың бірі. Сондықтан өскелең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру, ұстаз еңбегін қолдау, балаларға қолайлы оқу ортасын қалыптастыру – ауданымыздың маңызды бағыттарының бірі.

Биыл Бұқар жырау ауданында 9 мыңға жуық оқушы жаңа оқу жылын бастайды. Олардың 700-ден астамы алғаш рет мектеп табалдырығын аттап, бірінші сыныпқа қабылданады. Бұл – бүлдіршіндер үшін жаңа кезеңнің бастауы, ата-ана мен ұстаздар үшін үлкен жауапкершілік.

Биыл білім беру инфрақұрылымын дамыту ісінде де айтулы жаңалық бар. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында ауданымызда үш жаңа білім ошағы бой көтерді.

Аудан оқушыларының білім додаларындағы жетістіктері де көңіл қуантады. Пәндік олимпиадаларда, ғылыми жобаларда, шығармашылық және спорттық байқауларда топ жарып жүрген дарынды жастарымыз аз емес. Бұл – оқушылардың ізденісі мен талпынысының, ұстаздардың қажырлы еңбегінің және ата-аналардың қолдауының нәтижесі.

Жаңа оқу жылы – жаңа мақсаттар мен жаңа белестердің бастауы. Ұстаздарға шәкірттерінің биіктен көрінуіне себеп болатын шығармашылық ізденіс пен кәсіби табыс, оқушыларға сапалы білім, биік мақсат және жарқын жетістіктер тілейміз.

Ата-аналар, бала тәрбиесіндегі еңбектеріңізге береке, отбасыларыңызға амандық берсін.

Мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндердің алғашқы қадамы сәтті болып, әр оқушының білім жолы жарқын жетістіктерге ұлассын!

Жаңа оқу жылы құтты болсын!

Ерлан ҚҰСАЙЫН,
Бұқар жырау ауданының
әкімі

Асхат ӘЛИ,
Бұқар жырау аудандық
мәслихатының төрағасы

Уважаемые педагоги, дорогие учащиеся и родители!

Примите искренние поздравления с Днём знаний и началом нового учебного года!

Первое сентября всегда наполнено особым настроением. Для кого-то это возвращение в родную школу, встреча с друзьями и учителями, для кого-то – новый этап, новые цели и планы. А для тех, кто впервые переступает школьный порог, этот день становится началом большого и важного пути.

В этом году в школах района за парты сядут около 9 тысяч учащихся. Более 700 ребят впервые услышат школьный звонок. Желаем нашим первоклассникам с интересом открывать для себя мир знаний, не бояться трудностей и с каждым годом становиться увереннее в своих силах.

В этом году образовательная инфраструктура пополнится сразу тремя новыми школами, строительство которых реализуется в рамках национального проекта «Келешек мектептері». Современные и комфортные условия обучения – это важная инвестиция в будущее наших детей, их возможности и стремление к знаниям.

Особая гордость района – достижения наших школьников. Учащиеся Бухар-Жырауского района достойно представляют свои школы на предметных олимпиадах, интеллектуальных и творческих конкурсах, спортивных соревнованиях и других состязаниях. За каждым успехом стоит большая работа самого ученика, профессионализм педагога и поддержка семьи.

В этот праздничный день выражаем особую благодарность учителям за преданность профессии, терпение и ежедневный труд. Именно педагог помогает ребенку не только получить знания, но и поверить в собственные силы, раскрыть способности, определить свою цель и найти дорогу к ней.

Дорогие школьники! Пусть новый учебный год принесёт вам интересные открытия, новые знания, верных друзей и яркие победы. Учитесь с интересом, стремитесь к большему и не бойтесь ставить перед собой высокие цели!

Уважаемые родители, пусть успехи ваших детей всегда будут поводом для гордости и радости. Педагогам желаем вдохновения, профессиональных достижений и благодарных учеников, а всем семьям – здоровья, благополучия и мира.

Ерлан ҚҰСАЙЫН,
аким
Бухар-Жырауского района

Асхат ӘЛИ,
председатель Бухар-Жырауского
районного маслихата